



КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ХАЛҚЫНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ
МӨДЕНІЕТІ МЕН ҚАРЖЫЛЫҚ
САUAТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДЫҢ
2007–2011 ЖЫЛДАРҒА
АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАСЫ

ПРОГРАММА ПОВЫШЕНИЯ
ИНВЕСТИЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ
И ФИНАНСОВОЙ ГРАМОТНОСТИ
НАСЕЛЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН НА 2007–2011 ГОДЫ

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ

өз қаражатыңды басқаруды үйрен



Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ

01

бет

- | | |
|----|--|
| 02 | Қазақстанның зейнетақы жүйесі |
| 05 | Зейнетақы қорын қалай таңдау қажет? |
| 06 | Зейнетақы шарты |
| 07 | Салымшының құқықтары мен міндеттері |
| 08 | Зейнетақы қалай қалыптастырылады? |
| 10 | Ерікті және міндетті зейнетақы жарналары |
| 12 | Зейнетақы алу тәртібі |
| 13 | Өз зейнетақылық шотымды басқаруға болады ма? |
| 13 | Бір зейнетақы қорынан екіншісіне аудару. Автоаударма. |
| 14 | Зейнетақылық жинақтарды қандай жағдайларда мерзімінен бұрын алуыма болады? |

Кіріспе

Зейнеткерлік – адамның нақты бір жасқа жетіп, заңды түрде жұмыс жасауды тоқтату мүмкіндігін алатын өмірдің ерекше кезеңі. Зейнеткерлікке шығатын адамның ең басты уайымдайтыны: ол өзі дағдыланып қалған өмір сүру деңгейін қамтамасыз ете алады ма? Өз отбасы мен немерелерін асыруға қаражаттары жетеді ме? Барлық уайымдарын ұмытып жайбарақат өмір сүре алады ма?

Біз барлық еркін ақшаларды депозитке салып қоюға үйреніп қалғанбыз, ал депозиттен басқа табыс алатын тәсілдер өте көп. Шетелдік зейнеткерлер оларды белсенді қолдануда. Осы тәсілдерді қолдану оларға кішігірім қуаныштардан бас тартпай, жыл бойы саяхаттау мүмкіндігін береді.

Осы кітапшада біз сізге Қазақстанның зейнетақы жүйесі туралы және өз шотыңызды қалай басқаруға болатыны туралы айтып береміз!

Қазақстанның зейнетақы жүйесі

Кеңес Одағы кезінде де, оның ыдырауынан кейін де зейнеткерлерге қамқорлық таныту мемлекетке артылған іс болды. Кеңес Одағы кезінде зейнетақы «ұрпақтар ынтымақтастығы» қағидасы бойынша төленді, бұл дегеніміз – зейнетақы жұмыс істейтін азаматтардың төлеген салықтарының есебінен төленеді деген сөз. Дегенмен жыл өткен сайын аталған жүйе тиімсіз бола бастады. Қазақстан нарықтық экономикаға көшті, мемлекетте инфляция мен жұмыссыздықтың қарқындары жоғары болды, ЖІӨ көлемдері төмендеді, ауыр бюджеттік дефицит орын алды. Нәтижесінде зейнетақылық төлемдер кешіктірілетін болды, ал мемлекеттің қарыздары пайда болды. Сондықтан 1997 жылы «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Қазақстан Республикасының заңы (бұдан әрі – Заң) қабылданды.

Бұл Заңның алып келген ең басты жаңалығы – мемлекетте ынтымақтастық жүйесі біртіндеп қолданыстан шығарылып жаңа жинақтаушы зейнетақы жүйесін құру болды. Зейнетақылық жүйе Чили моделіне сәйкес реформаланды. Чилилік зейнетақылық жүйеде үлестіру механизмі қарастырылмаған және ол жұмысшылардың жеке шоттарында жинақтық қаражаттарының жинақталуы мен салымдардың капиталдандырылуына негізделген. Әрбір жинақтаушы зейнетақы қорына енетін азамат жеке зейнетақы шотына ие болады, онда оның мөлшерлері бекітілген зейнетақылық салымдары шоғырландырылады. Бұл қаражаттар жинақталып, жекеменшік зейнетақылық қорлар-

мен инвестицияланады (активтер негізінен активтерді инвестициялық басқаруды іске асыратын ұйымдармен инвестицияланады), ал жинақтаушы зейнеткерлік жасқа жеткеннен кейін оның зейнетақысын төлеудің көзіне айналды. Чили жүйесінің негіздерімен қатар қазақстандық үлгі өзге мемлекеттердің де ерекшеліктері мен тәжірибесін қабылдап өзіне бейімдегендіктен әлемдік тәжірибедегі ең табысты үлгілердің бірі саналады. Қазақстан ТМД мемлекеттері арасында бірінші болып жеке зейнетақы жарналары қағидаларына сәйкес жинақтаушы зейнетақы жүйесі арқылы қамтамасыз етуге жоспарлы түрде 1998 жылдан бастап ауыса бастады. Қазақстан жаңа жүйеге 2040 жылы ауысып бітеді.

Қазақстанның зейнетақымен қамтамасыз етуі бір уақытта ынтымақтастық және жинақтаушы механизмдерін үйлестіретін үш деңгейден (пилларлар) тұрады:

Алғашқы деңгей – бұл КСРО ыдырауынан кейін қалған ынтымақтастық жүйеге негізделген жүйе, мұнда зейнетақылық төлемдердің көзі халықтың жұмысқа қабілетті бөлігінің салықтық төлемдері есебінен құралатын мемлекеттік бюджет болып табылады. Зейнетақылық төлемдердің мөлшері еңбек өтілімен анықталады. Қазіргі уақытта осы деңгей шеңберінде 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі еңбек өтілі алты айдан кем емес болып табылатын зейнеткерлікке шыққан азаматтарға төленетін зейнетақылық төлемдер қалыптастырылады.

Екінші деңгей – Қазақстан азаматтары, Қазақстанның тұрақты тұрғындары болып табылатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың ай сайынғы табысынан 10 пайыздық көлемде орнатылатын жарналардың төленуін қамтамасыз ететін міндетті жинақтаушы зейнетақы қоры.

Үшінші деңгей – ерікті және ерікті кәсіби зейнетақылық жарналарға негізделген зейнетақы жүйесі.

Оспановтар отбасында үш буын өмір сүреді. Атасы Мұрат Амангелдіұлының жасы 73-те, оның ұлы Нұрлан Мұратұлының жасы 48-де, ал Олжас атты немересінің жасы 25-те. Мұрат Амангелдіұлының зейнеткерлікке шыққанына он жыл болды, айына 18 670 теңге алады. Оның ұлына зейнеткерлікке шығу үшін 15 жыл өтуі қажет, ал немересінің әлі 38 жылы бар. Мұрат Оспанов зейнетақысын ынтымақтастық жүйесі бойынша, басқаша айтқанда бірінші деңгей бойынша алады. Екінші деңгей дегеніміз жалақының 10

пайызын алып зейнетақы қорына аударатын міндетті жинақтаушы жүйесі. Нұрлан Оспановтың шотына зейнетақылық жүйенің жаңа жүйесі енгізілген соң 10 жыл барысында жеті миллион теңге жинақталыпты. Егер ол зейнеткерлікке шығу уақытына дейін осы деңгейде ақша табатын болса, зейнеткерлікке шыққанда оның шотында шамамен 19 миллион ақша жинақталады екен. Бұған қосымша 1998 жылдың 1 қаңтарына дейінгі еңбек өтілін есепке алатын ынтымақтастық жүйесінің зейнетақысы қосылады.

Олжас өзінің келешектегі зейнетақысының көлемі үлкен болуы үшін міндетті төленетін 10 пайызға ерікті түрде 10 пайыз қосып төлейтін болды. Себебі ол зейнеткерлікке шығатын кезде ынтымақтастық жүйе бойынша зейнетақы төлеу тоқтатылып ол сенімін өзіне ғана артуы қажет болады. Олжастың ойы соңғы кезде көпшілікке тән болып келе жатыр. Қазіргі таңда Қазақстанда ерікті зейнетақы шоттарының саны 40 мыңнан асты.

Экономиканың жалпы әлемдік тұрақсыздығы мен дағдарыстар жағдайында сізде қарттығыңыз алаңсыз болуы үшін ақшаларыңыз үшін заңды үрей пайда болуы мүмкін. Бірақ сіз уайымдамасаңыз болады, себебі заңнамалық база сіздің зейнетақылық жинақтарыңызды сенімді сақтайды. Басқаша айтқанда мемлекет барлық зейнетақы қорларындағы зейнетақы жинақтарына инфляция деңгейін ескере отырып кепілдік береді. Қазіргі уақытта Қазақстанда 14 жинақтаушы зейнетақы қорлары жұмыс істейді, олардың бүкіл республика бойынша 76 бөлімшесі мен 48 өкілдігі бар.

Жинақтаушы зейнетақы қоры үш құрамдас бөліктен құралады:

- зейнетақы қорлары;
- зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды іске асыратын ұйымдар (бұдан әрі – ЗАИБИҰ);
- кастодиан-банктер.

Зейнетақы қорлары зейнетақылық жарналарды тартады, зейнетақылық төлемдер жасайды және салымшылардың жеке шоттарының есебін жүргізеді. ЗАИБИҰ зейнетақылық активтерді заңнамада рұқсат етілген әр түрлі құралдарға сала отырып басқарады. Ал кастодиан-банктер зейнетақылық ақшаларды сақтайды және оларды мақсатқа сай орналастырылуын бақылайды.

Салымшылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында жинақтаушы зейнетақы қорларына тиым салынатыны:

1. Заңда орнатылған қызмет түрлерінен басқа кәсіпкерлік қызметпен айналысу;

2. өкілетті органмен анықталатын қаржы құралдарымен мәміле жасау мен өз қажеттіліктеріне жарату үшін сатып алынған мүліктен басқа мүлік сатып алу-сату және жалға беру;
3. сақтандыру қызметі;
4. зейнетақы активтерін кепілдікке беру;
5. акциялардан өзге бағалы қағаздар шығару;
6. заңды тұлғалардың акцияларын немесе қатысу үлестерін сатып алу, бұл тек қана келесі ұйымдар қатысында рұқсат етіледі:

- қаржы ұйымдары;
- өкілетті органның нормативті құқықтық актісінде белгіленген қор биржасының тізімдерінің санаттары бойынша Қазақстан Республикасы аумағында іс әрекет атқаратын қор биржасының тізіміне акциялары енгізілген және қаржы ұйымдары болып табылмайтын заңды тұлғалар;
- жинақтаушы зейнетақы қорының автоматтандырылуын қамтамасыз ететін заңды тұлғалар.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының осы тармақтың 6. тармақшасында көрсетілген заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлесі мен акцияларының саны өкілетті органның нормативті құқықтық актісінде белгіленген көлемнен артық емес болуы тиіс.

Зейнетақы қорын қалай таңдау қажет?

Талаптарыңызға сәйкес келетін жинақтаушы зейнетақы қорын таңдау ісінде сенімділік, ыңғайлылық пен табыс деңгейі ескерілуі тиіс. Сондықтан да зейнетақы қорын таңдамас бұрын, оның әрқайсысы туралы барынша толық ақпарат жинауға тырысыңыз (жеке капиталының жеткілікті болуы, қордың өтімділігі жоғары активтерінің бар болуы және т.б.). Олардың қызметінің нәтижелерімен сіз бұқаралық ақпарат құралдарынан немесе Қазақстан Республикасы қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің ресми веб-сайтынан таныса аласыз (бұдан әрі – ҚҚА) – www.afn.kz. Сіздің назар аударуыңыз қажетті нәрселер:

Сенімділік. Зейнетақы қорын таңдау кезінде мынадай сипаттамаларды ескерген жөн: қордың акционерлер құрамы, жеке және жарғылық капиталдарының мөлшері, кастодиан-банктің рейтингі. Бұл көрсеткіштер көп жағдайда қордың өз міндеттемелерін орындай алады ма деген сияқты сұрақтарға жауап беруге көмектеседі. Бұлардан өзге маңызды факторлар – жинақтарын сеніп тапсырған салымшылар саны, зейнетақылық жинақтар мен салымдардың көлемдері, есептелген және «таза» инвестициялық табысы, өзіндік капиталының көлемі. Осы сипаттамалардың жеке алғандағы әрбіреуі тұтастай алғанда қор сенімділігінің толық бейнесін қалыптастырады.

Ыңғайлылық. Сіз таңдаған қор қазіргі уақытта қаншалықты дамып жатқанын, мобильді телефондар, Интернет, банкоматтар қашықтан басқару мүмкіндігі бар болуын тексерсеңіз болады. Себебі мұндай мүмкіндіктің болуы сіздің уақытыңызды үнемдейтін болады. Егер де қордың сайты жоқ болса – бұл күдіктендіретін нәрсе. Сізге өзіңіздің зейнетақылық қорыңыздың қаржылық есептілігін тексеріп тұруыңыз қажет болады, сондықтан олар қордың сайтында бар ма, соны тексеріңіз. ЖЗҚ шоттан үзіндіні қандай түрде беретініне ерекше назар аударыңыз.

Табыстылық. Ол тікелей және жанама болып бөлінеді. Тікелей – инвестициялық табыс, екі аспектісі болады – табыстылық пен тәуекелдер. Ешкім тәуекелдіктер туралы басын қатырғысы келмейді, сонда да оларды ескермеуге болмайды. Олар жоғары болған сайын табыстылық та жоғары болады. Бірақ тек қана табыстылыққа бағдарлануға болмайды, кредиттік тәуекелдіктерді де ескеру қажет. Бүгінгі күні табыстылық деңгейіне қарай барлық қорларды келесі топтарға бөлуге болады: жоғары табыстылық көрсететін, орташа және төмен табыстылық көрсететін қорлар. Қорлардың көпшілігі орта табыстылар тобына жатады (шамамен 10-12 пайыз). Осы қорларды назарыңызға алуды ұсынамыз.

Зейнетақы шарты

Зейнетақы шарты – зейнетақы жарналарына, жинақталған зейнетақы қаражатына және типтік нысанын Қазақстан Республикасы қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі белгілеген төлемдерді алуға қатысты өзгерістерді немесе құқық қатынастарының тоқтатылуын белгілеу туралы жазбаша нысанда жинақтаушы зейнетақы қоры мен салымшы

(алушы) арасында жасалған шарт.

Зейнетақымен қамтамасыз ету шартын жасамас бұрын өзіңіз таңдаған жинақтаушы зейнетақы қорының келесі құжаттарымен танысу қажет:

- жинақтаушы зейнетақы қорына зейнетақылық жарналарды тартып, зейнетақылық төлемдерді жасауға рұқсат беретін Агенттікпен берілетін лицензия;
- міндетті түрде Агенттікпен келісілуі тиіс болып табылатын зейнетақылық ережелердің шарттары;
- ұсынылып отырған зейнетақылық жарналар бойынша зейнетақылық қамтамасыз ету туралы шарттың шарттары, өзіңіздің құқықтарыңыз бен міндеттеріңіз.

Салымшының құқықтары мен міндеттері

Міндетті зейнетақылық жарналар мен зейнетақы алушыларының келесі құқықтары бар:

1. міндетті зейнетақылық жарналар есебінен зейнетақымен қамтамасыз ету туралы шартты жасау мақсатында жинақтаушы зейнетақы қорын таңдау;
2. жинақтаушы зейнетақы қорының акционерлері, зейнетақы активтерін басқаруды іске асыратын ұйым мен кастодиан-банк туралы өкілетті органмен бекітілген көлемде ақпарат алу;
3. зейнетақылық жинақтарының күйі бойынша ақпарат алу;
4. сот тәртібінде зейнетақы жинақтаушы қорының әрекеттеріне шағымдану;
5. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жинақтаушы зейнетақы қорынан төлемдер алу;
6. өкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен өз жинақтарыңызды бір жинақтаушы зейнетақы қорынан екіншісіне жылына екі реттен асырмай аудару;
7. өз зейнетақылық жинақтарын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мұрагерлікке қалдыру;
8. Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге тұрақты өмір сүруге көшу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес зейнетақылық жинақтарын алу;
9. зейнетақы жинақтарын жинақтаушы зейнетақы қорынан сақтандыру ұйымына аудару;

10. Қазақстан Республикасының заңнамасы мен міндетті зейнетақылық төлемдер есебінен зейнетақымен қамтамасыз ету шартына сәйкес өзге де құқықтарды іске асыру.

Міндетті зейнетақы төлемдерінің салымшылары мен зейнетақы төлемдерін алушылардың міндеттері:

1. Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамтамасыз ету туралы заңнамасына сәйкес міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамтамасыз ету туралы бір ғана шарттың тарабы болу және міндетті зейнетақылық жарналарының есебінен түзілген жинақтарын бір жинақтаушы зейнетақы қорында ұстау;
2. жинақтаушы зейнетақы қорларына жинақтаушы зейнетақы қорының міндеттерін орындауына ықпал ететін өзгерістер туралы, аталған өзгерістер орын алған күннен бастап 10 календарлық күн ішінде ұсыну;
3. Заңда қарастырылған жағдайларға сәйкес аннуитеттік зейнетақы шартын жасау;
4. Қазақстан Республикасының зейнетақылық қамтамасыз ету туралы заңнамасы мен зейнетақымен қамтамасыз ету туралы шарттың шарттарына сәйкес өзге де міндеттерді атқару.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Жұмыс беруші жалақыны төлей отырып, міндетті зейнетақы жарналарын кешіктіріп аударғаны үшін жұмысшы пайдасында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен орнатылған қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесінің 2,5 есе көлеміндегі төлемдер жасауы қажет. Кешіктіру үшін төлем әрбір күн есебінен жасалады.

Зейнетақы қалай қалыптастырылады?

Сіз Зейнеткерлік жасына жеткенде (Қазақстанда бұл жас әйелдер үшін 58 жас, еркектер үшін 63 жасты құрайды), зейнетақы қорында сіздің өмір сүретін деңгейіңізді анықтайды. Өмір сүру деңгейіңіз деген сіздің зейнеткерлікке шыққан кезден бастап өміріңіздің соңына дейін қалған мерзім. Бұл мерзімді есептеуде көптеген факторлар есепке алынады: денсаулығыңыздың

күйі, өмір сүру деңгейіңіз, жұмыс орныңыз және т.б. көрсеткіштер. Зейнетақы салымшысы сұрақтардың кең тізімдерінен тұратын анкета толтырады, бұл анкета сұрақтары сіздің тұқым қуалайтын ауруларыңыздан күнделікті қандай азық-түліктерді пайдаланатыныңызға дейін қамтиды. Соған қоса медициналық тексерістен өтуге тура келеді. Барлық жинақталған мәліметтер негізінде сіздің әрі қарай өмір сүруіңіздің орташа мерзімі анықталатын болады. Соған байланысты зейнетақылық төлемдер мөлшері де анықталады. Өмір сүру мерзімі жыл сайын қайта қарастырылады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Зейнеткерлікке шыққаннан кейінгі орташа өмір сүру мерзімі Қазақстанда әйелдер үшін 18 жыл, еркектер үшін 7 жыл құрайды.

Қазақстанда әйелдер үшін ең үлкен жас 109 жас, ал еркектер үшін 101 жас құрайды деп есептеледі. Жеке сіздің мерзіміңізді есептеу кезінде жеке сіздің көрсеткіштеріңіз осы орташа жастан алынады.

Осылайша, Мұрат Оспанов ақшаны бірінші деңгейге сәйкес алады, басқаша айтқанда оның зейнетақысын мемлекет қамтамасыз етеді, сол себепті оның өмір сүру мерзімі есептелмейді. Ал оның ұлы Нұрлан Оспановқа зейнеткерлікке шығу үшін әлі 15 жыл қажет. Жалпы алғанда оның денсаулық жағдайы жақсы, бірақ кішкентай кезінде оның жүрегіне операция жасалған болатын. Ол кішігірім компанияда директор орынбасары болып жұмыс істейді, демек стресске жиі ұшырайды. Ол өз отбасымен қала орталығындағы 3 бөлмелі пәтерде жұмыс істейді. Үйде тамақтанғанды қалайды. Қазір Нұрланға өмір сүру мерзімін қандай етіп анықтайтынын айту қиын, себебі ол зейнеткерлікке шығатын уақыт әлі алыс. Ол шамамен 12-05 жыл аралығында болады деп топшылауға болады. Ол жас зейнеткерлік жас туралы әлі ойланбаса да болады, дегенмен ол спортпен белсенді айналысады, алкоголь мен шылым пайдаланбайды, кеңседе жұмыс істейді. Егер ол ұстанатын салауатты өмір салтынан бас тартпаса оның өмір сүруінің орташа мерзімі әкесінікінен де ұзақ болмақ.

АЙТА КЕТЕТІН ЖАЙТ!

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін өмір сүрудің орташа көрсеткішін есептеп шығаратындар актуарийлер деп аталады. Бұл әлеуметтік демографтар. Олардың жауапкершіліктері ауыр, себебі олар сіз зейнеткерлікке шыққаннан

кейін қанша өмір сүретініңізді анықтайды. Кез-келген жұмыстағыдай олар да қателесуі мүмкін. Актуарлық есептеулердің бүкіләлемдік тәжірибесінде қателесулердің үлесі 18 пайызды құрайды. Басқаша айтқанда 100 адамның 18 оларға есептеп берілген жастан ұзақ өмір сүруі мүмкін. Мұндай жағдайда зейнетақысыз қалмау мақсатында сізге қазірдің өзінде сақтандырылу қажет. Мысалы, сақтандыру компанияларынан әлеуметтік рента сатып алуға болады, бұл рента өмірдің соңына дейін төленеді. Немесе қазірден бастап ерікті зейнетақылық жарналар жасауға болады.

Ерікті және міндетті зейнетақы жарналары

Зейнетақы көлемі туралы сөз қозғамас бұрын өзіңізге бір сауал қоюңызға тура келеді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ МАҢЫЗДЫ САУАЛ!

Сіз келешекте қандай зейнетақы алғыңыз келеді? Сіз қандай соманы айына немесе жылына қанағат тұта аласыз?

Сіз өзіңізге осы сұраққа жауап бергеннен кейін ғана біз әңгімемізді жалғастыра аламыз. Жауап бере алмасаңыз әңгімелесудің себебі де жоқ, себебі сіз қандай соманы талап ететіңізді білмейсіз. Мысалы сізге айына 1000 доллар қажет делік. Ең алдымен инфляция қарқындарын есепке алу қажет. Сіз 20 жылдан кейін зейнетке шығатын болсаңыз, инфляция деңгейі шамамен 36 пайызды құрауы мүмкін. Бұдан шығатыны сіздің қолға алатын сомаңыз 1360 долларды құрауы тиіс. Ол кезде 1360 доллар қазіргі 1000 долларды алмастырады деген болжамды ұстанатын болсаңыз. Сізде келесі сұрақ туындауы мүмкін: «Қазіргі кезде жылдық төленетін зейнетақының мөлшері 250 мың теңгені құрайтын болса, мен ондай соманы қалай аламын?». Қазақстанда зейнетақылық реформаның басталғанына көп уақыт болған жоқ, әлі зейнеткерлікке шығып жатқан адамдар зейнетақысын бірінші деңгейге сәйкес алуда. Әдетте олардың міндетті зейнетақылық төлемдері үлкен емес және оларға шектеу қойылған. Бірақ уақыт өте келе ол шектеу өзгертілетін болады, немесе мүлдем жойылады. Бірақ сіз келешек зейнетақыңыздың мөлшерін өз қолыңызбен қалыптастыруға дайын болуыңыз қажет. Сол себепті алғыңыз ке-

летін сомаға қол жеткізу үшін жалақыңыз бір деңгейде болып, соған қосымша ерікті төлемдер жасап тұруыңыз қажет.

Ерікті зейнетақы жарналары міндетті жарналардан немен ерекшеленеді? Біріншіден, өз зейнетақы қорыңызға қанша салатыныңызды өзіңіз шешетін боласыз. Егер де міндетті жарналар 10 пайыз есебінен алынатын болса, ерікті жарналардың көлеміне шектеу жасалмайды. Әрине ерікті төлемдерді тек қана еркін ақша есебінен жасаған жөн. Екіншіден, олар сіздің келешектегі зейнетақыңыздың көлемін өз қолыңызбен қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Нұрлан Оспанов зейнетақы алудың екі тәсілінің бірін таңдай алады. Егер ол жалақысының 10 пайызын міндетті төлемдер түрінде есептеп тұруды жалғастыратын болса, зейнеткерлікке шығу мезетінде оның зейнетақылық шотында 19 миллион теңге жинақталатын болады. Егер теоретикалық түрде Нұрлан Мұратұлының өмір сүруінің орташа көрсеткішін 15 жыл деп есептеп беретін болса, ол жылына 600 мың немесе айына 50 мың алатын болады. Бірақ Нұрлан Оспановқа бұл сома жеткіліксіз көрінеді. Ол айына 200 000 алғысы келеді. Сондықтан қалған соманы өзі жинақтау туралы шешім қабылдады. Ең дұрыс тәсіл – өзіңіздің бюджетіңізге ауыртпалық артпайтын соманы ерікті түрде шотқа аударып тұру. Өзі ай сайын алып тұрғысы келетін 200 мыңды жинақтау үшін оған қосымша 17 миллион теңге жинақтауына тура келеді. Нұрлан Мұратұлын осы мәселе қатты толғандырады. Егер де ол бұл мәселе туралы ертерек ойланған болса оның жинақтаған сомасы да артық болар еді.

Өз қарттығыңызды қазірден бастап қамсыздандырыңыз. Мұндай ойларды ертеңге қалдырмаңыз. Сіздің бүгін жасаған белсенділігіңіз – бұл ертеңгі алаңсыз қарттығыңыздың кепілдігі. Егер сіз барлық жылдар барысында 3 миллион теңге жинақтаған болсаңыз, соны ғана аласыз. Оларды сіздің орташа шамаланған өмір сүру жасыңызға бөліп төлейтін болады, бұл айларға бөлгенде өте аз болып шығады. Ешқандай қосымша төлемдер мемлекет тарапынан жасалмайды. Сондықтан өз жалақыңызды жасырмағаныңыз өзіңізге пайдалы. Сіздің ресми жалақыңыз қаншалықты жоғары болса, зейнетақылық жинақтарыңыз да соншалықты ауқымды болады.

Бұл кітапшада біз математикалық есептеулерді бермеген себебіміз, олар тым күрделі және қарапайым қауым үшін түсініксіздеу. Бірақ сіз өз қорыңызға барсаңыз, олар сіз зейнеткерлікке шыққан кезде алып тұрғыңыз келетін сомаға қол жеткізу үшін қосымша ерікті жарналарыңыздың қаншалықты болуын есептеп шығарып береді. Қарттықта тиындарды қанағат тұтқанша бұл мәселені қазір қолға алған дұрыс.

Зейнетақыны алу тәртібі

Ал енді техникалық жағы туралы сөз қозғайық. Зейнетақыны ала бастау үшін не істеу қажет?

Егер сіз зейнеткерлік жасына жетсеңіз өзіңіздің зейнетақылық жинақтарыңызды алу үшін қорыңызға келесі құжаттарды ұсынуыңыз қажет:

- белгіленген формадағы зейнетақы белгілеу туралы өтініш (Қорда толтырылады);
- жеке тұлғаңызды куәландыратын құжаттың көшірмесі (түпнұсқа);
- СТН;
- банк шоты мен реквизиттері.

I және II топ мүгедектері жоғарыда көрсетілген құжаттарға қосымша МӘС (медициналық-әлеуметтік сараптама) берген мүгедектікті растайтын анықтаманың түпнұсқасы мен көшірмесін ұсынады.

Егер де сіз себепті жағдайлармен қорға өзіңіз келе алмайтын болсаңыз, аталған құжаттар пакетін пошта арқылы жолдауыңызға болады. Бұл жағдайда жеке куәлігіңіз бен зейнетақы төлемдерін белгілеу туралы анықтамалардың көшірмелері нотариалды куәландырылған болуы тиіс.

Жинақтаушы зейнетақы қоры құжаттарды алған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде зейнетақымен қамтамасыз ету туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша келісім әзірлеп сіздің қарастыруыңызға ұсынады. Бұл келісімге қосымша ретінде зейнетақы төлеу графигі беріледі: жылына бір рет, тоқсан сайын немесе ай сайын. 2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап зейнеткер ЖЗҚ жылына ең көбі 250 мың теңге ала алады. Бұл соманы бір рет алуға болады немесе 12 айға бөлуге болады. Бірақ бұл лимит тұрақты болып есептелмейді және уақыт өтісімен арттырылатын болады.

Зейнетақы қоры сіздің жинақтарыңыз жеткілікті болып табылған жағдайда зейнетақы алудың екі жүйесін ұсына алады:

№ 1 схема. Аннуитеттік коэффициентті қолдана отырып, бөлшектеп төлеу. Егер сіздің жинақтарыңыздың сомасы үлкен болса оларды өмір сүрудің орташа мерзіміне сәйкес үлестіруге болады, сондағы жыл сайынғы сома шектелген сомандан төмен емес болуы тиіс.

№ 2 схема. Жыл сайын 250 мың теңге беріп тұру.

Егер сіздің шотыңыздағы сома жеткіліксіз болса зейнетақы қоры сізге бірден екінші нұсқаны ұсынады.

Өз зейнетақылық шотымды басқаруға болады ма?

Қазіргі кезде салымшы өз зейнетақы шотын басқара алмайды, бірақ 2012 жылдан бастап «мультипортфельдер» тәжірибесі енгізілетін болады. Олардың көмегімен әрбір салымшы өз зейнетақылық жинақтарын басқару мен көбейту мәселелеріне қатысты инвестициялық шешімдер қабылдау мүмкіндігін алады. Адам қанша ақшасын және қайда салатынын өзі анықтайтын болады. Алғашқы кезде тек қана үш портфель енгізілетін болады, олар консервативті, орташа немесе агрессивті инвестициялық стратегияларға негізделетін болады. Дегенмен келешекте нақты жағдайларда активтерді инвестициялаудың басқа да стратегиялары қолданылады деген ойдамыз. Осылайша, салымшыларға өз зейнетақылық салымдары үшін берілетін құқықтармен қатар жауапкершілік артылатын болады. Консервативті портфель деген не? Бұл тәуекелдері төмен болып табылатын инвестициялық стратегия. Мұндай портфельге мемлекеттік бағалы қағаздар, табысы белгіленген немесе ұлттық валютада номиналданған сенімді эмитенттердің бағалы қағаздары енгізілетін болады. Тәуекелдіктер деңгейі бойынша орташа саналатын портфельге тәуекелдіктері төмен бағалы қағаздармен қатар жоғары табыстылықты қамтамасыз етуге қабілетті бірақ тәуекелдіктері жоғары бағалы қағаздар да енгізілетін болады. Сонымен, портфельдің соңғы түрі агрессивті портфельдің активтерінің 80 пайызды құрайтын үлесі тәуекелдері ең жоғары болып есептелетін туынды қаржы құралдары мен шетелдік валютада номиналданған құралдарға инвестицияланатын болады.

Сіздің зейнетақылық төлемдеріңіз сізге қайтарыла бастаған күннің өзінде сіз өз зейнетақылық активтеріңізді басқара алатын боласыз. Бірақ мамандардың кеңесінше консервативті стратегияны ұстанған дұрыс, себебі қазіргі жағдайларда тәуекелдерге бару өзін ақтамайды.

Бір зейнетақы қорынан екіншісіне аудару. Автоаударма.

Салымшы өз жинақтарын бір қордан екіншісіне жылына екі реттен асырмай ауыстыруға құқылы. **Бұл үшін бар керегі – таңдаған зейнетақы қо-**

рымен шарт жасау, ал сіздің жинақтаған қаражаттарыңыз 15 жұмыс күні ішінде автоматты түрде сіз таңдаған қорға аударылады.

Адамдардың бірнеше қорда зейнетақы жинақтарының болуы жиі кездеседі. 2009 жылдың 1 сәуірінен бастап, жинақтардың бір қорда сақталуын қамтамасыз ететін «автоаудармалар» жүйесі жұмыс істейді. Ол аударымдарды жасау кезінде сіздің ең соңғы жасаған шартыңызды ескереді.

Аударымдар процедурасына енгізілген жаңалықтар зейнетақы жүйесін айтарлықтай жақсартты. Біріншіден, салымшыларға жинақтарын бір ғана зейнетақы қорында ұстауы туралы заңнама талабы орындалады; екіншіден, салымшыларға қызмет көрсету айтарлықтай жеңілдеді, себебі салымшылар қорын ауыстыру кезінде ақшалары мен уақытын жоғалтпайтын болды; үшіншіден, зейнетақы жүйесінде салымшылар саны мен әрбір салымшының жинақтарының нақты сомасы туралы дәлелді ақпарат алу мүмкіндігі туды.

1999 жылы Нұрлан Оспанов «Арай» компаниясында жұмыс істеді және сол кезде «Халық банк» зейнетақы қорымен шарт жасады және оның жинақтары сол кезде аталған қорға аударылды. Бірақ 2006 жылы Нұрлан Мұратұлы «Сенім» компаниясына ауысып «МЖЗҚ» қорымен шарт жасады бірақ жинақтарын аудармады. Нәтижесінде екі бірдей қордың салымшысына айналды. Бірақ 2009 жылдан бастап оның зейнетақы жинақтары МЖЗҚ қорына аударылды, себебі ол қормен шарт ең соңғы ретте жасалған болатын. Енді Нұрлан Оспановтың барлық ақшалары бір жерде сақталады. Нұрлан Омаров өзінің ақшаларын Халық банк қорына аудару туралы шешім қабылдаса ол өзінің ондай құқығын іске асыра алады.

Зейнетақылық жинақтарды қандай жағдайларда мерзімінен бұрын алуыма болады?

Қазақстандықтардың көбісін толғандыратын сұрақ – зейнетақылық жинақтарды мерзімінен бұрын алуға болады ма? Кейде шұғыл ақша қажет болып қалатын жағдайлар өмірде болып жатады. Баланың оқуы үшін төлеу қажет, қарызды қайтару керек, пәтер сатып алу немесе демалысқа бару деген сияқты шығындар бар. Ал зейнетақы қорында жатқан ақшалар қарттық кезінде емес дәл қазір де керек болып жатады. Бірақ көп адамның түсінбейтіні зейнеткерлікке шыққаннан кейін бұл ақшаңыз күн көрістің жалғыз көзіне айналуы мүмкін. Сонда мемлекет азаматтарды өздерінен сақтандыру мақсатында шектеулер қояды.

Нәтижесінде, міндетті зейнетақылық төлемдер есебінен жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы алу құқығы келесі тұлғаларға беріледі:

- 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап – еркектерге 61 жастан, әйелдерге 56,5 жастан;
1998 жылдың 1 шілдесінен – еркектерге 61,5 жастан, әйелдерге 56,5 жастан;
1999 жылдың 1 шілдесінен бастап – еркектерге 62 жастан, әйелдерге 57 жастан;
2000 жылдың 1 шілдесінен бастап – еркектерге 62,5 жастан, әйелдерге 57,5;
2001 жылдың 1 шілдесінен бастап – еркектерге 63 жастан, әйелдерге 58 жастан.
- 1949 жылдың 29 тамызы мен 1963 жылдың 5 шілдесінің аралығында 10 жылдан кем емес мерзім бойы радиациялық қауіп аймақтарында өмір сүрген азаматтар «**Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық** сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасы заңына сәйкес зейнеткерлікке келесі жастарға толғанда шығады:
 - еркектер – жалпы жұмыс өтілі 25 жылдан асқан жағдайда 50 жаста;
 - әйелдер – жалпы жұмыс өтілі 20 жылдан асқан жағдайда 45 жаста.
- балаларын 8 жасқа толғанша тәрбиелеген 5 және одан көп балалы аналар 50 жасынан бастап толық зейнетақы алуға құқылы. Бұл жас 1998 жылдың 1 шілдесінен бастап жыл сайын 6 айға артып тұрады, бірақ 3 жылдан астам емес.
- елу бес жасқа толуы мен ең аз мөлшердегі зейнетақының төленуі үшін жеткілікті жинақтарының бар болуы;
- мүгедектігі мерзімсіз деп берілген бірінші және екінші деңгей мүгедектері;
- Заңның 60 бабының 1 тармағында көрсетілгендер;
- тұрақты өмір сүру орны ретінде Қазақстаннан тыс жерге көшіп кеткендер, шетелдіктер мен азаматтығы жоқтар Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес мемлекеттен кетуін растайтын құқықтарын ұсынған жағдайда. Сонымен қатар шетелге кетуге ниет білдірген тұлғаларға Заңның 5 бабының 2 тармағының нормасы жүктелмейді.

Басқа мемлекетке көшу кезінде сіздің зейнетақылық жинақтарыңыз қолыңызға беріледі деп ойласаңыз қателесесіз. Сіздің ақшаларыңыз сіз көшіп кетуге бел буған мемлекеттің зейнетақы жүйесіне аударылып, сонда жинақталуын жалғастыратын болады.

Ескертпе!

Салымшы (алушы) – шетел азаматы немесе азаматтығы жоқ тұлға – ЖЗҚ-ға құжаттарды келесі тәсілдер арқылы ұсына алады:

- **жеке өзі:** зейнетақы төлемдерін белгілеу туралы өтініш (белгіленген формада), төлқұжатының көшірмесі мен түпнұсқасы, миграциялық картасының түпнұсқасы мен көшірмесі, қор мен салымшы арасында жасалған зейнетақымен қамтамасыз ету туралы шарт.
- **пошта байланысы арқылы:** зейнетақы төлемдерін белгілеу туралы өтініш (қол қойылған және нотариалды куәландырылған көшірмесі); салымшы мен жинақтаушы зейнетақы қоры арасында жасалған зейнетақымен қамтамасыз ету туралы шарт (бар болған жағдайда).
- **сенімді өкіл арқылы** – зейнетақы төлемдерін белгілеу туралы өтініш (белгіленген формада), сенімхаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі, сенімді өкілдің жеке тұлғасын куәландыратын құжаттың көшірмесі мен түпнұсқасы; салымшы мен жинақтаушы зейнетақы қоры арасында жасалған зейнетақымен қамтамасыз ету туралы шарт (бар болған жағдайда).

Төлқұжаттың барлық парақтары нотариалды куәландырылып, оның әрбір бетіне «көшірме» сөзі басылуы тиіс. Өтініште банктік реквизиттер толығымен көрсетілуі тиіс.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Міндетті зейнетақы жарналары есебінен түзілген зейнетақылық жинақтары бар тұлға қайтыс болғанда оның жинақтары Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес мұрагерлікке беріледі.

Бұл үшін қорға мұрагерлік құқығын беретін куәлік көшірмесін ұсыну қажет.

Салық кодексінің 156 бабына сәйкес жеке тұлғалардың мұндай табыстарына 10 пайызды құрайтын жеке табыс салығы салынады. Табыс салығынан басқа комиссиялар алынбайды.

Біздің кітапшамыз осымен аяқталды. Біз ұсынған ақпарат пен кеңестер сізге отандық зейнетақы жүйесін түсінуге көмектесті деп үміттенеміз. Ол енді ғана тұрақтанып келе жатқандықтан біз әлі көп нәрсеге үйренуіміз қажет, дегенмен сіздің қаржылық сауаттылығыңыз сізге өз өміріңізді дұрыс жоспарлап, қарттық шығыңызды алаңсыз әрі бақытты етуге көмектесуі тиіс.

Толық ақпаратты 8 800 080 0177 тікелей байланыс телефоны арқылы
немесе www.fingramota.kz сайтынан алуға болады

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ

Қазақстан Республикасы Алматы қаласының
өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу
агенттігі

Алматы, 2009